

8D01503- Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бедебаева Майра Ерсұлтановнаның «Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u></p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында баяндалған стратегиялық міндеттердің, сондай-ақ 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасының және білім беру деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың негізгі бағыттарын басшылыққа алумен сипатталады.</p> <p>Зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан гранттық негізде қаржыландырылған Жас ғалым 2023-2025 АР19175370–«Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар акпараттық-білім ортасын әзірлеу» жобасы аясында жалғастырылып орындалған.</p> <p>М.Е. Бедебаеваның диссертация жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді.</p>
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <b>елеулі үлесін қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторант М.Е.Бедебаеваның зерттеу жұмысында қол жеткізген ғылыми-әдістемелік нәтижелері білім беру процесінің басты бағыттарының бірі – дәстүрлі оқу бағдарламаларынан болашаққа бағытталған білім беруге көшу, соның ішінде жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелері бойынша мектепте

			<p>информатика курсына оқытуға қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Ғылыми әдебиеттер мен диссертациялық зерттеулерді талдау нәтижесінде мектепте информатика пәнін оқытудағы қолданыстағы әдістердің қазіргі жағдайы сипатталып, аралас оқыту технологиясының негізгі ұғымдары, модельдері мен қағидаттары жүйеленіп, оның құралдары мен информатика пәнінде қолдану мүмкіндіктері анықталған. Сонымен қатар, CLIL технологиясының теориялық негіздері мен жоғары сынып оқушыларын ағылшын тілінде пәндік оқыту жағдайында оны қолданудың ерекшеліктері қарастырылған. CLIL сабақтарын жоспарлау мен өткізу бойынша нақты ұсыныстар беріліп, пәндік мазмұн мен тілдік құзыреттіліктерді интеграциялайтын тиімді модель жасалған. «Алгоритмдеу және бағдарламалау» бөлімінің мазмұны ағылшын тілінде талданып, тақырыптық тапсырмалар жасақталған. Аралас оқыту технологиясы негізінде информатиканы ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын қолдану әдістемесі сипатталып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденген. Бұл зерттеу жұмысының <b>маңыздылығын ашады</b> және оның нәтижелері информатиканы оқыту әдістемесі ғылымына өзінің <i>елеулі үлесін</i> қосады.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) <u>жоғары</u>;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Докторант М.Е. Бедебаеваның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі <b>жоғары</b>. Бұл тұжырымды растайтын негізгі факторлар – зерттеу тақырыбына байланысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге терең талдау жасалуы, зерттеу болжамын тексеру мақсатында педагогикалық эксперименттің жүргізілуі және алынған нәтижелердің статистикалық әдістермен өңделіп,</p>

			талдануы болып табылады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбының өзектілігі информатиканы мектепте оқытудың теориясы мен практикасындағы келесі қайшылықтармен <b>негізделген</b> : 1) ағылшын тілін меңгеру деңгейі әртүрлі білім алушылардың информатика пәнін сапалы игеруі үшін аралас оқыту технологиясын енгізудің қажеттілігі мен осы бағыттағы ғылыми-әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігі; 2) ағылшын тілінде информатика пәнін оқытуға деген сұраныстың артуы мен білім алушылардың пәндік терминологияны игерудегі тілдік құзыреттерінің жеткіліксіздігі арасындағы алшақтық. Сонымен қатар, білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің әртүрлілігі CLIL технологиясын қолдану барысында туындайтын қиындықтарды шешу қажеттілігін туындатып, жеке білім беру траекториясын қамтамасыз ететін, икемді әрі дербестендірілген аралас оқыту моделін енгізудің маңыздылығын дәлелдейді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын <b>айқындайды</b> . Диссертациялық жұмыс бір-бірімен сабақтастықта байланысқан екі бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың барлық тараулары өзара логикалық байланыста құрылып, зерттеудің өзекті аспектілерін кешенді түрде қамтиды. Атап айтқанда, зерттеуде информатика пәнін оқытудағы әдіс-тәсілдерге талдау жасалып, аралас оқыту мен CLIL технологияларының теориялық негіздері сипатталып, оларды тәжірибеде қолдану әдістемесі мен тиімділігін бағалау мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <b>сәйкес</b>

		<p>тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p><b>келеді.</b> Зерттеудің мақсаты мектеп информатика курсы ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігін теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға ықпал ететін әдістемені жасауды көздейді және осы мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер логикалық түрде өзара байланысты әрі тақырыпты ашуға бағытталған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны логикалық тұрғыдан <b>толық байланысқан</b> кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан құралған. Диссертация ғылыми-әдістемелік зерттеудің логикасы мен кезеңдерін қатаң сақтайды: зерттеудің теориялық негіздері және эмпирикалық мәліметтер, педагогикалық эксперименттің айқындаушы, түзетуші, қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны мен нәтижелері келтірілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер <b>сыни талдаумен дәлелденіп</b>, бұрынғы зерттеулер мен танымал әдістермен салыстыра отырып негізделген. Зерттеу аясында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, орта білім беру деңгейіне арналған информатика пәнінің оқу бағдарламалары, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері мұқият талданған. Ұсынылған әдістердің тиімділігі теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелденіп, оларды өзге зерттеушілердің әдістерімен салыстырмалы түрде саралау арқылы негізделген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) ішінара жаңа (25-</li> </ol>	<p>Докторант М.Е. Бедебаеваның диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен қағидаттары</p>

		<p>75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>толығымен жаңа болып табылады: <b>бірінші нәтиже</b> жаңа, өйткені мектептегі информатика курсының оқытудың мазмұндық желісі мен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдерге жан-жақты талдау жүргізіліп, информатиканы оқытудың қазіргі жай-күйі анықталған; <b>екінші нәтиже</b> жаңа, себебі информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологияларын қолданудың тиімділігі теориялық тұрғыдан негізделген; <b>үшінші нәтиже</b> жаңа, себебі аралас оқыту мен CLIL технологияларын қолдану жағдайында информатика пәнінің мазмұны мен тілдік құзыреттерді интеграциялау моделі жасалған; <b>төртінші нәтиже</b> жаңа, себебі аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатика курсының "Алгоритмдеу және бағдарламалау" бөлімін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындыларды <b>толығымен жаңа</b> деп айтуға болады. Ізденушінің зерттеуі мектепте информатиканы ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологияларын қатар қолданудың жаңа әдістемелік тәсілдерін ұсынады және бұл қорытындылар бұрынғы зерттеулерден ерекшеленіп, білім беру саласындағы маңызды жаңалық болып табылады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>М.Е. Бедебаеваның ұсынған мектепте информатиканы ағылшын тілінде оқыту процесінде аралас оқыту технологиясы мен CLIL технологияларын қатар қолдану әдіс-тәсілдері, информатиканың "Алгоритмдеу және бағдарламалау" бөлімін оқытудың әдістемесі білім алушыларға информатика пәнін оқытуға арналған бағдарламамен үйлесетін, <b>толығымен жаңа және негізделген</b> болып табылады. Бұл зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар, ендіру актілері және тәжірибелік-экспермент жұмысы нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Зерттеу барысында ұсынылған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда <b>ауқымды дәлелдемелерде негізделген</b>. Зерттеу шеңберінде тақырыпқа қатысты негізгі мәселелер мен қарама-қайшылықтар анықталып, оларды шешудің тиімді жолдары талданып, нақты сипатталған және тәжірибе жүзінде іске асырылған. Ұсынылған шешімдердің нәтижелілігі жүргізілген эксперименттік жұмыстардың оң нәтижелерімен дәлелденеді.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <u>жоқ</u>;  3) бұл тұжырымда</p>	<p><b>Бірінші қағидат бойынша:</b></p> <p>7.1 Диссертацияның қорғауға ұсынылған бірінші қағидаты <b>дәлелденген</b>.</p> <p>7.2 <b>Жоқ</b>, тривиалды емес.</p> <p>7.3 <b>Иә</b>, жаңалық дәрежесі жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең</b>.</p> <p>7.5 <b>Ия</b>, келесі мақалаларда дәлелденген:  - Информационно-коммуникационная предметная среда как инструмент использования технологий смешанного обучения. // Наука и мир Казахстана. – 2020. – № 9. – С. 133–140.  - Информатика мұғалімдерінің аралас оқыту технологиясын қолдануға көзқарастары. // «Қазіргі</p>

		<p>ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>ғылымдағы өзекті мәселелер – 2023» халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы. 2-том. – Түркістан, 2023. – Б. 313-317.</p> <p><b>Екінші қағидат бойынша:</b></p> <p>7.1 Диссертацияның қорғауға ұсынылған екінші қағидаты <b>дәлелденген.</b></p> <p>7.2 <b>Жоқ</b>, тривиалды емес.</p> <p>7.3 <b>Иә</b>, жаңалық дәрежесі жаңа болып табылады</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең.</b></p> <p>7.5 <b>Ия</b>, келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>- A blended learning approach for teaching computer science in high schools. // Cypriot Journal of Educational Science. – 2022. – Vol. 17, No. 7. – P. 2235–2246.</p> <p>- Онлайн білім беру платформалары арқылы аралас оқыту технологиясын қолдану. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – Т. 3. – №125. – Б. 127-140.</p> <p>- Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану мүмкіндіктері. // «Заманауи білім беру: тәжірибе, проблемалар және перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтары. 16 қазан, 2024 жыл. – Б. 510-515.</p> <p><b>Үшінші қағидат бойынша:</b></p> <p>7.1 Диссертацияның қорғауға ұсынылған үшінші қағидаты <b>дәлелденген.</b></p> <p>7.2 <b>Жоқ</b>, тривиалды емес.</p> <p>7.3 <b>Иә</b>, жаңалық дәрежесі жаңа болып табылады</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең.</b></p> <p>7.5 <b>Ия</b>, келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>- Онлайн білім беру платформалары арқылы аралас оқыту технологиясын қолдану. Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – Т. 3. – №125. – Б. 127-140.</p> <p><b>Төртінші қағидат бойынша:</b></p> <p>7.1 Диссертацияның қорғауға ұсынылған төртінші қағидаты <b>дәлелденген.</b></p>
--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			<p>7.2 <b>Жок</b>, тривиалды емес.</p> <p>7.3 <b>Иә</b>, жаңалық дәрежесі жаңа болып табылады</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең</b>.</p> <p>7.5 <b>Ия</b>, келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Methods of teaching school informatics in English based on blended learning technology. // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. – Vol. 16, No. 6. – P. 3376–3386.</li> <li>- Методика смешанного обучения школьному курсу информатики с применением подхода CLIL. Многопрофильный научный журнал «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». /Педагогические науки. – 2024. – №2. – С. 154-165.</li> </ul>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия</b>;</li> <li>2) <b>жок</b>.</li> </ol>	<p><b>Иә</b>, зерттеу жұмысының әдіснамалық құрылымы нақты және жүйелі түрде қалыптастырылған. Докторант М.Е. Бедебаеваның диссертациялық зерттеуіндегі әдіснамалық аппарат дәйектілік қағидатына, қолданылған дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың нақтылығы мен негізділігіне сүйенеді. Зерттеудің әдіснамасы мен әдістемелік негіздерін анықтауда теория мен практиканың өзара байланысы, мазмұндық және әрекеттік тәсілдер, сондай-ақ тұтастық, ғылымилық, түсініктілік, көрнектілік, жүйелілік, саналылық пен интерактивтілік қағидалары жетекшілікке алынған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p><b>Ия</b>, диссертация жұмысының нәтижелерін өңдеуде және интерпретациялауда ғылыми зерттеулерде қолданылатын заманауи зерттеу әдістері, статистикалық әдістер мен компьютерлік технологиялар (Phyton программалау ортасы, pearpod.com онлайн оқыту платформасы, Google Forms және Google Docs бұлттық сервистерінің, MS Excel процессорының) қызметтері пайдаланылған.</p>

	<p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p><i>Ия</i>, докторанттың диссертациясында келтірілген теориялық қорытындылар мен әдістемелік материалдар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <b>дәлелденген және расталған</b>. Педагогикалық эксперименттік жұмыстар Шымкент қаласы НЗМ білім беру ұйымының, Шымкент қаласы білім басқармасының "№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі базасында жүргізіліп, барлығы 112 білім алушылар қамтылған. Жүргізілген жұмыстар диссертацияның Д қосымшасында берілген енгізу актілерімен дәлелденген.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысында келтірілген маңызды тұжырымдар нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттермен <b>расталған</b>. Бұл тұжырымдарды негіздеуде халықаралық және отандық деңгейдегі стратегиялық құжаттар, зерттеу тақырыбына қатысты халықаралық ғылыми конференциялар материалдары мен журналдар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар, сондай-ақ Scopus дерекқорына енгізілген рецензияланатын ғылыми мақалалар мен классикалық педагогика саласындағы іргелі еңбектер кеңінен пайдаланылған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксі</p>	<p>Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>. Әдебиеттер тізімі 151 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Олар: ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар; ҚР Оқу-ағарту министрінің, Ғылым және жоғары білім министрінің бекіткен нормативтік-құқықтық құжаттары;</p>

			диссертациялар; оқу құралдары мен ғылыми мақалалар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p><b>Ия</b>, диссертациялық жұмыстың <b>теориялық маңызы бар</b>. Бұл докторанттың қол жеткізген нәтижелерінің терең ғылыми негіздемесімен дәлелденеді. Зерттеуде цифрлық трансформация жағдайында мектеп информатика курсы аралас оқыту қажеттілігі, сондай-ақ білім алушылардың пәндік білімдері мен тілдік құзыреттерін біріктірудің өзектілігі жан-жақты негізделген. Аралас оқыту технологиясының тұжырымдамалық негіздері мен қағидаттары нақты айқындалып, оны жүзеге асыруға қажетті құралдардың жүйеленген классификациясы ұсынылған. Сонымен қатар, информатика пәнін ағылшын тілінде оқытуда CLIL технологиясын қолданудың ерекшеліктері анықталып, пәндік мазмұн мен тілдік құзыреттерді интеграциялаудың әдістемелік тәсілдері әзірленген. Қорытындылар дәлелді, мазмұнды және зерттеудің ғылыми құндылығын арттыратын нақты нәтижелермен бекітілген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p><b>Ия</b>, диссертациялық жұмыстың <b>практикалық маңызы бар</b> және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыста аралас оқыту жағдайында информатика курсының «Алгоритмдеу және программалау» бөлімін ағылшын тілінде оқытуға арналған мазмұны іріктеліп және оқу материалдары мен тапсырмалар жүйесі жасақталған. «Информатиканы оқытуда CLIL технологиясын қолдану» атты оқу-әдістемелік құрал мен оның ақпараттық-білім ортасы әзірленіп, оқу процесіне ендірілген. Әзірленген материалдар мен құралдарды жалпы білім беру мекемелерінде, сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру</p>

			жүйесінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Практикалық ұсыныстармен қатар білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар жүйесі білім беру мекемелерінің оқу процесінде қолданылып, енгізілген.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ұсынылған диссертациялық жұмыс <b>жоғары</b> академиялық жазу мәдениетімен сипатталады. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны ғылыми еңбектерге қойылатын ресми талаптарға толық сәйкес келеді. Мәтіні бірізді, анық және түсінікті тілде жазылған, сөйлемдер мен абзацтар мазмұндық тұрғыда өзара үйлесімді байланысқан.
11	Диссертацияға ескертулер	Жалпы жұмыстың орындалуы диссертацияға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға толығымен жауап береді. Дегенмен кейбір ескертпелер мен ұсыныстарды атап өтуге болады: 1. Диссертация мәтінінде «аралас оқытуға» және CLIL ге байланысты «тәсіл», «әдіс», «технология» ұғымдары қатар пайдаланылған. Диссертацияда бұл ұғымдарды пайдалануда академиялық стильді сақтау немесе бұл ұғымдарды өзара алмастырып қатар пайдалануға болатындығы туралы түсініктеме беру зерттеуде қолданылған негізгі ұғымдарды, зерттеудің ғылыми тұжырымдамаларын нақты және дұрыс қабылдауға көмегін тигізеді; 2. Зерттеу экспериментіне қатысқан білім алушылардың 74-і бақылау, 38-і эксперименттік топта болуының себептерін ашып көрсету, «Бақылау және эксперименталдық топқа білім деңгейі шамалас топтар таңдалып алынды (138-бет)», «Алдын ала тест нәтижесі (32- кесте)», «Кейінгі тест нәтижесі (33-кесте)» сияқты нәтижелердің қалай алынғанын толық сипаттап көрсету зерттеудің эмпирикалық деректерінің маңыздылығын арттырған болар еді. Жоғарыда аталған ескертпелер диссертацияның жоғары ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми	Диссертанттың алынған ғылыми нәтижелер бойынша 13 жұмысы жарияланған: Scopus базасында рецензияланатын халықаралық журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, шет елде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 3 мақала, ҚР халықаралық конференцияларда - 2 мақала, авторлық куәлік - 1, оқу-	

	рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	әдістемелік құрал - 1. Жарияланған мақалалар және ғылыми еңбектер диссертация тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелерін сипаттайды.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Ереженің 3.15 -тармағына сәйкес)	«Аралас оқыту технологиясы негізінде мектеп информатикасын ағылшын тілінде оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс өзекті, дербес және толық аяқталған зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға, сондай-ақ «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына» толық сәйкес келеді және диссертацияның авторы Бедебаева Майра Ерсұлтановна «8D01503 – Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайық деп санаймын.

**Ресми рецензент:**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
профессор, Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы,  
білім беруді цифрландыруды  
дамыту орталығының  
бас ғылыми қызметкері



Мукашева М.У.

